

9. Байғұт М. Салқын масақ. – Алматы: Жазушы, 2008. – 272 б.

10. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (Повестьер мен әңгімелер). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2010.

УДК 347

DOI 10.33514/1694-7851-2021-3-197-201

Ражапов Анарбай Ускенбаевич, Усенова Галия Абдикадировна

тарих илимдеринин кандидаты, Алматы энергетика жана байланыш университетинин
доценти,

№183 орто мектептин география мугалими

Раджапов Анарбай Ускенбаевич, Усенова Галия Абдикадировна

тарих ғылымының кандидаты, Алматы энергетика және байланыс университетінің
доценті.,

№183 жалпы білім беретін мектептің география пәнінің мұғалімі

Раджапов Анарбай Ускенбаевич, Усенова Галия Абдикадировна

кандидат исторических наук, доцент Алматинского университета энергетике и связи,

№183 учитель географии общеобразовательной школы

Anarbay Uskenbaevich Rajapov, Usenova Galiya Abdikadirovna

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Almaty University of Energy and
Communications,

№183 teacher of geography of secondary school

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҢЫРАҒЫН КӨТЕРУГЕ ЗАҢДЫ ТҰҒЫР -ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮЙ -БҮЛӨ КУРУУНУН УКУКТУК НЕГИЗИ УЛУТТУК АВТОНОМИЯЛЫК КҲЙМЫЛ БОЛУП САНАЛАТ

ПРАВОВОЙ ОСНОВОЙ ВОСПИТАНИЯ СЕМЬИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ НАЦИОНАЛЬНО-АВТОНОМНОЕ ДВИЖЕНИЕ

THE LEGAL BASIS FOR RAISING A FAMILY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IS THE NATIONAL AUTONOMOUS MOVEMENT

Аннотация: 1917 - жылдагы Февраль революциясынан кийин улуттук боштондук кыймылы улуттук интеллигенция тарабынан башталган. Алар улуттук кызыкчылык үчүн көз карандысыз мамлекет болууну каалашты. Алардын багыты бир нече багыттардан турган. Казак интеллигенциясынын бир бөлүгү өнүгүүнүн европалык багытын тандады, экинчи бөлүгү радикалдуу өнүгүү багытын, үчүнчү бөлүгү Россиянын ичинде демократиялык автономияга ээ болууну сунуштады.

Андатпа: 1917 жылғы Ақпан революциядан кейін ұлт-азаттық қозғалысты ұлттық зиялы қауым бастады. Олар бүкілхалықтық мүдде – Тәуелсіз мемлекет болуды көздеді. Олардың алған бағыты бірнеше бағыттан тұрды. Қазақ зиялыларының бір бөлігі дамудың европалық бағытын таңдады. Екінші бөлігі дамудың радикалды бағытын ұсынды, ал үшінші бөлігі Ресейдің құрамында демократиялық автономия алуды көздеген болатын.

Аннотация: После февральской революции 1917 году казахская интеллигенция возглавляла национальное освободительное движение. Они предполагали, что всенародный интерес – стать независимым государством. Полученное ими направление состояла из

нескольких направлениях. Часть казахской интеллигенции выбрала европейское направление развития. Вторая часть была предложена радикальным курсом развития, а третья часть предполагала получение демократической автономии в составе России.

Annotation: After the February Revolution of 1917, the Kazakh intelligentsia led the national liberation movement. They assumed that the national interest was to become an independent state. The direction they received consisted of several directions. Part of the Kazakh intelligentsia chose the European direction of development. The second part was proposed by the radical course of development, and the third part assumed the acquisition of democratic autonomy within Russia.

Негизгі сөздер: 1917 -жылдағы кош революция, саясий кырдаал, съезддерде қабыл алынған чечимдер, автономиялардың түзулушү жана жоюлушү.

Түйін сөз: 1917 жылғы қос революция, саяси жағдай, съездерде қабылданған шешімдер, Автономиялардың құрылуы мен жою.

Ключевые слова: Две революции 1917 года, политическая ситуация, решения, принятые на съездах, образование и ликвидация автономии

Key words: The two revolutions of 1917, the political situation, decisions taken at congresses, education and the abolition of autonomy

1917 жылғы Түркістан автономиясы және Қазақстандағы саяси жағдай.

«Біздің ұлттық қозғалысымыздың тарихында уақыты келгенде еске алып отыруымыз керек болатын бірнеше маңызды күндер бар. Сондай тарихи күндердің бірі – 1917 жылғы 10 желтоқсан. Осы күні Қоқан қаласына жиналған IV Түркістан Төтенше құрылтайы «Түркістан автономиясын» жариялаған еді» [1].

«Жасасын Түркістан мұхтарияты!» деген ұранды үндеуімен өзін тәуелсіз автономиялы мемлекет ретінде жариялаған Түркістан автономиясына да, міне бір ғасырдан асып барады. Бұл автономия бар-жоғы 64 күн өмір сүрсе де, Орта Азия тарихында елеулі орын алып, большевиктерге оппозициялық күш ретінде қарсы тұра білді. 1917 жылғы төңкерістер ұлттық және саяси қозғалыстардың күшеюіне жағдай жасап берді. Осыны пайдаланған түркі халықтарының зиялы қауым өкілдері де өздерінің ұлттық мемлекетін құрып алуды көздеді. Әрине, бұл ұлттық республикалар территориялық жағын Ресей Федерациясы құрамында болғанымен, саяси жағын өзін-өзі басқаруы тиіс еді.

Алайда бастапқы кезде мұндай мемлекеттік құрылымға Ленин – Сталин бастаған большевиктер рұқсат бергенімен, олардың саяси күш алып кетуінен қорқып, оларды «төңкеріске қарсы», «заңсыз үкімет» ретінде кінәлаған қаулылар шығарды. Әртүрлі баспасөз бетінде кеңінен айтылғанымен, бірақ белгілі себептерге байланысты ұзақ уақыт бойы дұрыс бағасын ала алмаған тарихи оқиғалардың бірі де осы – «Түркістан мұхтарияты». Бұл мемлекеттік құрылым бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығы шеңберінде (онда қазақ халқының жартысына жуығы мекендеді) 1917 жылдың қараша айының соңында, IV өлкелік Төтенше жалпы мұсылмандар съезінің шешімімен Қоқан қаласында дүние есігін ашты. Большевиктер бұл автономияны бүкілхалықтық емес, тар шеңберде көрсету үшін оны барлық уақытта «Қоқан автономиясы» деп жазып, бір қаланың автономиясы ретінде көрсетуге тырысты [2]. Түркістан автономиясын тек қана Қоқан емес, бүкіл Түркістан халқы зор қуанышпен қарсы алды. Жер-жерде жиындар өтіп, бәрі де жаңа өмірге келген автономияны қолдап жатты. Бұл туралы М.Шоқай былай деп жазды: «Автономияның жариялануы түркістандықтардың саяси рухын бірден күшейтіп жіберді. Автономияның орталығы Қоқан қаласы сияқты Ташкент қаласы да айрықша, әсерлі күндерді бастан кешіріп жатқан еді...

...Алайда митинг аяқталып, ескі Ташкент тұрғындары үйлеріне қайтып келе жатқанда күтпеген жерден пулеметтер мен мылтықтардан оқ жаудырылды. Қарусыз құр қол халық басы ауған жаққа қашып, қынадай қырылды. Орыс большевиктері Түркістан автономиясын бізбен бірге, міне, осылай мерекелеген еді. 13(26) – 14(27) желтоқсан арасындағы түнде большевик мылтықтарының дауысы бір семген жоқ» [3].

Осылайша, енді ғана өз азаттығын алып, тойлап жатқан автономияның алғашқы қаны да төгілді. Ендігі жерде азаттықтың оңай берілмейтіні анық болды. Автономияшылар мен большевиктер арасында саяси күрес күшейе түсті. Ол туралы М.Шоқай өз естелігінде былай деп жазды: «1917 жылдың 13(26) желтоқсаны – орыс большевиктері біздің халқымыздың қанын судай ағызған күн. Сол күні олар біздің ондаған қандастарымызды жауыздықпен өлтірді. Осы күннен бастап орыс большевиктері мен біздің арамызда ашық қанды күрес басталды...» [4].

Алайда автономияның саяси жағдайы күн өткен сайын әлсірей берді. Мұның басты себебі Ташкенттегі Кеңес үкіметінің күшеюі еді. Ташкентте орнығып алған Кеңес үкіметі Түркістан автономиясын құлату үшін күш жинай бастады. Қос үкімет арасындағы саяси күрес ақырында Түркістан автономиясының большевиктердің қарулы күшімен құлатылуына әкеп соқты. Қоқанға Ташкент гарнизонындағы жұмысшы қызыл гвардиясы мен қарулы дашнақ бөлімдері тасталды. 6 ақпанда (1918 жыл) Түркістан автономиясының шағын тобына қарсы әскери қимылдар басталды. Большевиктердің мұсылман тұрғындарды қырып-жоюы 3 күнге созылды. Ағылшын зерттеушілерінің мәлімдеуінше, құрбандардың саны анық болмаса да, сөзсіз, өте көп болған. 1897 жылы жүргізілген тұңғыш санақ бойынша Қоқан қаласында 120.000 тұрғын болса, 1926 жылғы есеп бойынша ол 69.300-ге дейін азайған. Қала талқандалып, өртке оранды [5].

Өзін қорғайтын армиясы болмаған Түркістан автономиясы большевиктердің жойқын күшіне төтеп бере алмай, 64 күн өмір сүруінен соң 1918 жылдың 13 ақпанында құлатылды. Автономияның жақтастары күресті тоқтатпай, Ферғана ойпатында 10 жылдан астам уақыт партизандық күрес жүргізді. Оларды Кеңес тарихнамасында «басмашылар» деп атап, «тонаушы», «қарақшы» ретінде суреттеді. Олар большевиктер насихаттағандай «басмашылар» емес, елінің, жерінің азаттығы үшін күші тең емес жаумен қаһармандарша күрескен партизандар болатын. Осы жерде көрнекті ағартушы ғұлама Әбдірауф Фитраттың «еркіндік берілмейді, алынады» деген сөзі еске түседі.

2. Алашорда үкіметі мен Түркістан Автономиясының құрылуы, жойылуы

Қазақстанның Уақытша үкіметтің шет аймақтарындағыдай ұлт өміріне қатысты көптеген өзекті мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы, жер мәселесін шешуге бағытталған әрекеттің болмауы, атты қазақ әскері, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болды.

Алашорда кездейсоқ емес, біреуге еліктеуден емес, заңды түрде пайда болған. Жоғарыда айтылып кеткен жағдайлардан кейін қазақ зиялылары арасында ұлттың мемлекеттілігі туралы мәселе талқылауға түсті. Сөйтіп, бұл мәселе Орынбор қаласында 1917 жылы 5 желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезінде талқыланды. Оған қазақ облыстарынан, сонымен қатар қазақ облысынан тыс өңірлерден 82 делегат қатысты. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді.

Съезд қазақ автономиясы мәселесі бойынша Халел Ғаббасовтың баяндамасын талқылап, төмендегідей қаулы қабылдады:

- 1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірыңғай, іргелі — халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға;
- 2) Қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгісуы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;
- 3) Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады;
- б) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалсын. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады.

Алашорданың төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды, ал астанасы Семей қаласы болды.

Сонымен қатар Алашорда Кеңес үкіметімен бірге байланыс жасауға тырысты. Халел және Жанша Досмұхамедовтер, Халел Ғаббасов Ленин, Сталинмен ұлт ісі жөнінде келіссөз жүргізді. Оның нәтижесі — автономияның мәдени мұқтажына орталықтың көмегі, бүкілқазақтық құрылтайды шақыру, өлкеде азаматтық бітімге келу туралы уәделер болды.

Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін ешуақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді.

Түркістан Автономиясы - 1917 жылы 28 қарашада Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында Ресей құрамында құрылған автономиялы мемлекет

Оның өмірге келуіне кеңестік биліктің Түркістан халықтарының өзін-өзі басқару құқын мойындамауы түрткі болды. 1917 жылы өлкеде кеңес билігі орнайды, және соған байланысты Түркістан Халқы Комиссарлар Кеңесі құрылады. Оның себебі, 1917 жылы Қазан төңкерісі жеңген соң, 22 қараша күні 3-Түркістан өлкелік кеңестер съезі өз жұмысын аяқтап, ендігі өлкедегі биліктің Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің қолына өтетіндігін мәлімдеді. Оның құрамында 14 мүше болып, құрамында жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі болған жоқ. Бұған жауап ретінде "Түркістан өлкесі мұсылмандар кеңесі" 26 қараша күні Қоқан қаласында 4-Түркістан өлкелік төтенше мұсылмандар съезін шақырды. Оның құрамында Мұстафа Шоқай, Махмұд Бехбудий т.б қоғам қайраткерлері болды. Ол съезд 3 күнге созылып, нәтижесінде 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы деп жариялады.

Сонымен, 1917 жылы қарашада Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық негізде құрылып, жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету басты мақсаты екендігін жариялады. Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев, Ішкі істер министрінің орынбасары болып заңгер Ә.Оразев бекітілді. Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі қызметіне Мұстафа Шоқай тағайындалды. Көп ұзамай Түркістан автономиясы үкіметінің төрағасы Мұстафа Шоқай болды. Түркістан автономиясының құрылуын Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары зор қуанышпен қарсы алып, оған қолдаушылық танытуға даяр екендіктерін білдірді. 1918 жылы қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария қазақтарының съезі Сырдария облысы Алаш автономиясы жарияланғанға дейін Түркістан автономиясы құрамында болатындығын білдірді. Халық зор үміт артқан Түркістан автономиясын 1918 жылы 2 ақпанда Кеңес үкіметі қарулы күшпен таратып, оның бірнеше мүшелерін тұтқынға алды[6].

Негізінен, Алашорда большевиктік идеологияға негізделмеген, алғашында ол Кеңес үкіметіне қарсы шыққаны табиғи нәрсе болатын. Алашорда қайраткерлері Кеңес үкіметіне қарсы шықса да, бұл ешбір жағдайда да олар революцияның жаулары болды деген сөз емес.

Бұл қайраткерлердің өз пікірі бойынша халықтың игілігіне бағытталған Алаш бағдарламасына адал берілгендігін білдіреді. Партия мен әлеуметтік топтарға бөлмей, өз халқының мүдделерін қорғады. Сондықтан да олар өз халқына жау бола алмайды, оларды большевиктер солай көрсетуге тырысты. Оның өзі кейіннен Кеңес үкіметінің бұрынғы Алашорда қайраткерлерін жазалауының басты себептерінің бірі болды.

Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы мен Түркістан Уақытша үкіметі өлке үшін ең негізгі мәселе — жергілікті халықтардың өзін-өзі билеу

құқығын мойындауда ескі империялық түсінік шеңберінде қалып қойған. Ташкенттегі жаңа билікке балама есебінде өмірге келген жалпы өлкелік саяси құрылымдар еді. Жергілікті халықтарға түсінікті әрі жақын, сондықтан да болашағы зор мұндай саяси құрылымдардың өмірге келуі басында В.И.Ленин тұрған ұлы державалық күштердің зәресін алды. Түркістан мемлекетіне жол ашатын Түркістан автономиясы идеясын тезірек бесігінде тұншықтыру оларға тиімді көрінді[7].

Өз сөзімізді тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің Мұстафа Шоқай көксеген Түркістан автономиясы туралы айтқан мына пікірімен аяқтауды жөн көрдік: «...Шын мәнінде, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы мен Түркістан Уақытша үкіметі өлке үшін ең негізгі мәселе жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын мойындауда ескі империялық түсінік шеңберінде қалып қойған Ташкенттегі жаңа билікке балама есебінде өмірге келген жалпы өлкелік саяси құрылым еді» [8].

РЕЗЮМЕ

В статье идет анализ о формировании Туркестанской и Алашской автономии.

* * *

The article is an analysis of the formation of the Turkestan and Alash Autonomy.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұстафа Шоқай, «Жас Түркістан», № 3, 1930 жыл, Париж.
2. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. № 2 (25), 2010. 134 б.
3. «Туркестанский вестник», № 15. 1 желтоқсан, 1917 жыл
4. (Шоқай М. Таңдамалы шығармалар жинағы. I том. Алматы; 2007 жыл, 289 б.
5. Садыкова Б. Мустава Шокай в эмиграции. Алматы; 2011, 33 с.
6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. – 44б.
7. М.Қойгелдиев, Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев.Қазақстан тарихы — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. — 304 б.
8. Аңыз адам: Мұстафа Шоқай (1890-1941). №7 (19), Сәуір, 2011 жыл, 16-18 бб.

УДК 327.8

DOI 10.33514/1694-7851-2021-3-201-206

Сарсенбаев Б.С.

Тарих илимдеринин кандидаты, Казакстан Республикасынын өзгөчө жана ыйгарым укуктуу элчиси

Сарсенбаев Б.С.

кандидат исторических наук, Чрезвычайный и Полномочный посол Республики Казахстан

Sarsenbaev B.S.

Ph.D., Extraordinary and Plenipotentiary Ambassador of the Republic of Kazakhstan

КЫРГЫЗДАР МЕНЕН КАЗАҚТАРДЫН БИРИНЧИ САЯСИЙ БИРИМДИГИ ЖӨНҮНДӨ

О ПЕРВОМ ПОЛИТИЧЕСКОМ СОЮЗЕ КЫРГЫЗОВ И КАЗАХОВ

ON THE FIRST POLITICAL UNION OF THE KYRGYZ AND KAZAKHS

Аннотация: Автор кытай жана башка булактардын негизинде Моголстанга карты биринчи аскердик-саясий альянстын кыргыз жана казак урууларынын жана улуу хан Өгөдөйдүн мурасчыларынын ортосундагы түзүлүш тарыхын талдайт. Бул көбүнчө